Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 01 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма 01.09.2023**
Балаларды қабылдау					**«Амандасу әдебі» Міндеттері:** Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөрелеріне сыртқы киімдерін дұрыс қоюға әдеттендіру. **(коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру					«Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)					**«Көліктер» Міндеттері:**затты көркем тілмен суреттей алуға үйрету. **(коммуникативтік, танымдық, шығармашылық,**

					әлеуметтік дағдыларды дамыту)
Таңертенгі жаттығу					Кешен № 1
Таңғы ас					Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, ересектің бақылауымен
Ұйымдастырылғаніс-әрекеткедайындық					**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Міндеттері:**Балалардың қол моторикасын дамыту **«Күн »** **Міндеттері:** иллюстрацияларды қарайды,сурет бойынша қойылған сұраққа жауап береді (**физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік** дағдыларды дамыту)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					**Музыка** **Тақырыбы:** Бақшаға келемін **Міндеттері:**Бақша туралы әңгімелеу, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын музыканың би сипатын игеруге үйрету.

					Д.д ойын: «Бақша суретін құрастыру»
Серуенге дайындық					Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен					Жинақ № 2 **1.Бақылау:**Бұлтты бақылау. **Міндеттері:**Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату. **2.Еңбек:**Ауладағы гүлдерді суару. **3.Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **4.Қимылдық ойын:** «Соқыр теке». **5.Еркін ойын**
Серуеннен оралу					**«Біз тышқанбыз»** **Міндеттері:**Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.

Түскі ас					Устел басындағы мәдениеттің қарапайым дағды ларын қалыптастыру
Күндізгіұйқы					Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балабақшада» музыка тыңдау
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары					Жинақ № 1
Бесін ас					Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту
Балалардыңдербесіс-әрекеті					Дидактикалық ойын «Көңілді сылдырмақтар» **Міндеттері:** жемістердің атауын атауға үйрету. (**физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту**)
Балалар мен жекежұмыс					Диагностика
Серуенге дайындық					Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен					Жинақ № 1
Серуеннен оралу					**«Біз тышқанбыз»**

					Міндеттері:Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.
Балалардың дербес іс-әрекеті					**«Пішіндер мен алақан» Міндеттері:**нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын жақсартуға ықпал ету **(физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)**
Еркін ойындар Балалардың үйге қайтуы					Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 - 08.09.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі** **Күні: 04.09**	**Сейсенбі** **Күні: 05.09**	**Сәрсенбі** **Күні: 06.09**	**Бейсенбі** **Күні: 07.09**	**Жұма** **Күні: 08.09**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Еңбекке баулу"** Міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды сұрап әкелту.	**Дидактикалық ойын** «Бізге кім келгенін тауып ал»	**"Еңбекке баулу"** Міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистраның жапырақтары жалпақ және үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау.	**Дидактикалық ойын** «Сиқырлы қап» «Кім жоқ?»	**"Еңбекке баулу"** Міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ және үлкен, бетінің тегіс болуын қарастыру.
Ертеңгілік жаттығу	**№1 Таңғы жаттығу кешені.**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда?				

	Өзімізге жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				
Ұйымдастырылған іс – әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбыс бәсең, салмақты әуен жазбасын қосу. Қайырлы таң, балақайлар! Қайырлы таң, мөлдір қайнар! Күніміз де бізге күлімдейді: "Сәлем, сәлем!"- дейді.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	**Дене шынықтыру** Ойын: «Қол ұстасып шеңбер жасау» Міндеттері: 1. Педагопен бірге, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. 2 .Негізгі қимылдар Үлкен шеңбер құрайық Қимылды ойын. «Тышқан мен мышық» Міндеттері: Балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. Тыныс алу жаттығулары	**Дидактикалық ойын:** « Күн мен Ай» Міндеттері: Балалар топ терезесінен аспандағы күнді қарап педагогтың көмегімен күнді мүсіндейді Сергіту сәті: Бойыңды сергек, тік ұста Емін - еркін тыныста Деміңді ішке тез алда Сол қолыңды соз алға Қол ұшына қара да Үшбұрыш сыз ауада Оң қолда бос тұрмасын Шеңбер жасап	**Дене шынықтыру** Ойын«Алаңның бір шетінен екінші шетіне жұптасып жүру» Міндеттері: 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын. «Ұйқыдағы аю » Міндеттері: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп орындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендеп келе жатып, ұйқыдағы аюды көреді. Аю болса балалардың	**Дене шынықтыру** Ойын: «Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру» 1. Педагогпен бірге әдемі жүру. 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру. Қимылды ойын. «Қасқыр мен қоян» Міндеттері: Балалардың тапқырлығы мен жылдамдығын арттырып, өнерге баулу.	**Музыка** «Көңілді ырғақ» ойыны Мақсаты: Балаларға музыканы тыңдауды, музыка әуенімен қимыл жасауды үйрету.

		зырласын (физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызып қояды. Ойын қайта жалғаса береді.		
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Серуен № 1 **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау** *Мақсаты:* Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ; Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды. Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға	Серуен № 2 Жұмыс **Күздің алғашқы белгілерін бақылау** *Мақсаты:* Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін	Серуен № 3 **Қайың ағашын бақылау** *Мақсаты:* Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру; Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету **Зерттеу жұмысы:** Қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу. **Еңбек:** Гүлзарлардағы	Серуен № 4 **Өрмекшіні бақылау** Мақсаты: Өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; аайнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. **Зерттеу жұмысы**: Өрмекші торын тауып, қарау. **Еңбек:** «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру	Серуен № 5 **Күн — жылу мен жарық көзі** *Мақсаты:* Күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; Ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; Табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. **Зерттеу жұмысы**: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын

	асығады. Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. *Мақсаты:* — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Бәйге». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын қалыптастыру *Мақсаты:* сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.	жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: — орындалған нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары:** Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-	солған гүлдер дәнін жинау *Мақсаты:* Үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. **Қимылды ойын:** «Допты ұста» Қағып алуға және келесіге беруге үйрету. Жаттығу ойындары: Мақсаты: Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету	Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу **Қ/О**: «Үнсіз өт» Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары**: Қимылдарын дамыту Мақсаты: Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау.	табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. **Еңбек:** Алаңды тазалауға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Қ/О:** «Өрт сөндірушілер жаттығуда» Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** «Шеңберге түсір» Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру

		теңдікті сақтауға жаттықтыру			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды.	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: №1				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті,	**"Доп кетті домалап" (сурет салудан ойын-жаттығулар)** міндеттері. Балаларды сурет,	**"Маша мен Аю" ертегісі" (көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар)** міндеттері. Балаларды "Маша	**"Жолмен жүрейік" (құрастырудан ойын-жаттығулар)** міндеттері. Балалардың құрылыс материалдарының	**"Аю мен қонжық" (қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар)** міндеттері. "Аю мен қонжық" суретімен	**"Саусақтар" атты мультфильмін көру.** міндеттері. Балаларды

кітаптарды қарау және басқалар)	қарындаш, сурет салу құралымен таныстыру, оны үш саусақпен ұстап, түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруды үйрету; сурет салу іс-әрекетінде педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға дағдыландыру. Қолдың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. "Допты сипайық" ойын рефлексиясы. -міндеттері. Заттың қасиеттерін тануды үйрету.	мен Аю" ертегісі желісімен таныстыру, мұқият тыңдауды үйрету; кейіпкерлердің қайталама бірыңғай жолмен айтылатын сөздерін еске сақтауды, айтуға талпындыру; Маша мен аюдың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, еске сақтауын дамыту. **"Себеттерді толтырайық" ойын рефлексиясы.** міндеттері. Ауызша нұсқауды дұрыс орындауды, заттарды бөлек ыдыстарға жинауды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.	қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру; құрылыс материалдарымен әрекет жасағанда қолдың ұсақ моторикасын, зейіні және қабылдау қабілетін дамыту. "Жолмен жүргіземін" іс-тәжірибе жаттығуы. міндеттері. Кірпіштерді қалап ойнауды үйрету. Зейін, еске ақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.	таныстырғанда балалардың байқағыштығы мен зейінін, тілін, эмоциялық қабылдауын дамыту. "Аю қайда тығылды?" ойын рефлексиясы. міндеттері. Зейін, ойлау, сөйлеуді дамыту.	мультфильмді көріп, саусақтарын белгілі тәртіпте қимылдатуға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.
Балалармен жеке жұмыс	Диагностика	Диагностика	Диагностика	Диагностика	Диагностика
Серуенге	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				

дайындық	
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігінен шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. **Қимыл-қозғалыс ойыны. “Менің көңілді добым…”** міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылғанда ғана допты қуалау керек. Тыныс алу жаттығуы.
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09 - 15.09.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі** **Күні: 11.09**	**Сейсенбі** **Күні: 12.09**	**Сәрсенбі** **Күні: 13.09**	**Бейсенбі** **Күні: 14.09**	**Жұма** **Күні: 15.09**
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	«Отбасындағы бала тәрбиесі» кеңес. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Дидактикалық ойын** «Төлін тап» міндеттері: Балалардың сөздік қорларын дамыту. Тіл байлығын, ой - өрісін, сөйлеу қабілетін дамыту. Үй жануарларының төлін табуға, атауға және ажыратуға үйрету.	**"Еңбекке баулу"** міндеттері. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды қолға ұстау, әртүрлі қимылдар жасату ("тұрады", "қимылдайды", "жиналады", "дыбыс шығарады").	**Дидактикалық ойын: «Биік (ұзын, үлкен, кең, жуан) не болады?»** Ойынның мақсаты: Өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.	**"Еңбекке баулу"** міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігін түсіндіру.	**Қимылды ойын «**Жолмен» (жалғыз аяқ жолмен). Міндеттері: Балаларды шақырып суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударту(аралығы 20-30см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсыну.

					Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де сол тәртіппен қайта қайтады.
Ертеңгілік жаттығу	**№2 Таңғы жаттығу кешені.**				
Таңғы ас	Қасықты дұрыс ұстай білуге уйрету. Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету. Ас ішер алдында асқа бата айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дидактикалық ойын: «Қай жерде шырылдады?»	«Теңін тап» Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	Үстел үсті ойын: «Моншақтарды тізбекте»	«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. **«**Қол ұстасып шеңбер жасау» Міндеттері: 1. Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру 2 .Негізгі қимылдар Үлкен шеңбер құрайық Қимылды ойын. «Тышқан мен мышық» Мақсаты: Балалар	**Дидактикалық ойын:** «Жемістер жинаймыз» Міндеттері: Балалардың жемістер мен көкөністер жайында білімдерін кеңейту. Қимылды ойындар арқылы сезім мүшесі мен ойлау қабілетін ұштастыра отырып, жемістер мен көкөністерді бір - бірінен ажырата білуге үйрету.	**Дене шынықтыру** «Алаңның бір шетінен екінші шетіне жұптасып жүру» Міндеттері: 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру **Қимылды ойын:** «Ұйқыдағы аю » Міндеттері: Балалар қимылды қайталай алады. Тыныс алу жаттығулары.	**Дене шынықтыру** «Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру» Міндеттері: 1.Педагогпен бірге әдемі жүру. 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын. «Қасқыр мен қоян» Мақсаты: Балалар қасқырдан қашып тез жүгіре алады. Тыныс алу жаттығулары.	**Музыка «**Сылдырмақпен ойын**»** Мақсаты: Музыкаға ілесе сылдырмақтарды сылдырлатуды үйрету, есту қабілеттерін арттыру.

	үлкен шеңбер құра алады Тыныс алу жаттығулары.				
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Серуен № 6 **Аула тазалаушы еңбегін бақылау** *Мақсаты:* — күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, — аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу **Зерттеу жұмысы:** Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды. **Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	Серуен № 7 **Саңырауқұлақтарды бақылау** *Мақсаты:* саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту **Еңбек:** Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу *Мақсаты:* еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу **Қ/О:** «Допты басқарушыға бер». *Мақсаты*: допты екі қолмен қағып алу және лақтыруға жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту.	Серуен № 8 **Арнайы көліктерді бақылау** *Мақсаты:* — Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; — Сөздік қорларын молайту. **Еңбек.** Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау *Мақсаты:*Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу. **Қ/О:** «Аюлар мен аралар», «Допты бер». *Мақсаты:* — гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу; — допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру	Серуен № 9 **Гүл егілген клумбаны бақылау** *Мақсаты:* — өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау; — кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу; — Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция)танысты ру **Зерттеу қызметі:** Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау**.** **Д/О:** «Суреттеу бойынша тауып ал» **Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу. Мақсаты: Балаларға	Серуен № 10 **Ағаштарды бақылау** *Мақсаты:* — күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру; — қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету; — ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры); туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу. **Д/О.**«Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай үш!». *Мақсаты*: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған

	Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу*:* **Жаттығу ойындары:** Жүкіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту	*Мақсаты:* қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру.	**Жаттығу ойындары:** Секіргіш жіппен секіру жаттығулары. *Мақсаты;* алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.	келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру. **Қ/О:** «Мені ата». *Мақсаты:* ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту. «Қояндар мен түлкі». *Мақсаты:* тез жүкіру дағдыларын дамыту **Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру *Мақсаты:* жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту	ағашты табу Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау) **Қ/О:** «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту *Мақсаты*: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру ***Тыйым сөздер:*** Ағашты кеспе Ағаш бұтағын сындырма Ағаш жапыраған жұлма
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы .Киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру Шкафтарын тауып көрсетуге, бас киімдерін шеше білуге баулу				
Түскі ас	Балалардың түскі тағаммен таныстыру, түзу отырып ас ішу. Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.

	Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды.	Ж.Байырбекванның «Бесік жыры» әні	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.	«Қаршақыз» ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: №2				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Рахмет айтқызып үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу .				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Аз қимылды ойын** «Күн мен жаңбыр» Міндеті: Балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету.	**Дидактикалық ойын** «Жұбын тап» Міндеттері: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	**Қимылды ойын** **«**Допты қуып жет». Міндеттері: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға, тез жүгіругі, түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу.	**Дидактикалық ойын** **«**Кімге не керек?» Міндеттері: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Тәрбиешінің сұрағына толықтай жауап беруді үйрету.	**Дидактикалық ойын** «Көленкесін тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Ойынға деген қызығушылығын арттыру.
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу				

дайындық					
Серуен	Серуен № 6	Серуен № 7	Серуен № 8	Серуен № 9	Серуен № 10
Серуеннен оралу	Бір біріне шешінуге көмектесу. Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Дидактикалық ойын** «Бөлігін тап » Мақсаты: ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға үйрету.	**Құрылыс материалдарымен ойын**: «Қуыршаққа үй құрастырамыз» Мақсаты: құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен үй құрастыруға үйрету.	**Дидактикалық ойын** «Үлкен кіші сәбіздер» Мақсаты: фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыруға, заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға үйрету.	**Үстел үсті ойындары.** «Мазайка» Мақсаты : балалардың саусақ моторикасын дамыту.	**Аз қимылды ойын:** «Аңдар биі» Мақсаты: музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар.				

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09 - 22.09.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі** **Күні: 18.09**	**Сейсенбі** **Күні: 19.09**	**Сәрсенбі** **Күні: 20.09**	**Бейсенбі** **Күні: 21.09**	**Жұма** **Күні: 22.09**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	"Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Құрылыс ойындары:: Міндеттері.: «Балабақша» құрастырып ойнау, тату ойнауға үйрету.	«Менің балабақшам» Міндеттері.:Фото сурет құрастыру. Фото суретте бейнеленген гүлдерді және балабақша маңында өсіп тұрған гүлдерді табу.	Саусақ ойыны: Міндеттері: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	Балабақша туралы айту Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелеу арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
Ертеңгілік жаттығу	**№3 Таңғы жаттығу кешені.**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Топтың ішіне саяхат жасау**.**	Балаларға татулық туралы әңгімелеп	Ойыншықтың орнын табу	Достарымызғы сыйлық жасау	«Кел жапырақ терейік»

дайындық	Мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауға, үйрету.	беру. Мақсаты: «Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру.	Мақсаты: Ойыншықтың орнын таба білуге үйрету	Мақсаты: Достарына арнап өз қалауынша сыйлық жасау.	Мақсаты:Балалар табиғаттағы маусымдық өзгерісті сезіне алады.Қағаз қиындыларынан жапырақтарды құрастырады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: «Қоян қонақта» 1. Педагогтің артынан жүру, 2 .Негізгі қимылдар Қоянға әдемі жүруді көрсету. Қимылды ойын. «Қоянша секіру» Мақсаты: Балалар қоянша секіре алады Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге жануарлардың қимылын жасай алады.	**Дидактикалық ойын** «Көкөністер» Міндеттері: Балалардың көкөністер туралы білімдерін толықтыру. Көкөністерді ұстап, дәмін татып ажырата білуге үйрету. Қайнатылған, шикі, ащы, ұзын, дөңгелек және т.б. сөздерді сөйлеу барысында пайдалануға дағдыландыру.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: «Бал іздеген аю» 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын. «Ұйқыдағы аю » Мақсаты: Балалар қимылды қайталай алады. Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге аю қимылдарын қайталай алады.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: «Қызықты аңдар» 1 Педагог пен бірге әдемі шеңбер құру.Аяқтың іш жағымен жүру Жай жүгіру 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын. «Қасқыр мен қоян» Мақсаты: Балалар қасқырдан қашып тез жүгіре алады. Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге жануарлардың қимылын жасай алады.	**Музыка** «Доп» әні **Қимылды ойын** «Допқа кім тез жетеді» Міндеттері: Балалардың денелерін шынықтыру, тез қимыл әрекеттерін істей алуға, зерек ойлануға үйрету. Балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, ептілікке, төзімділікке, достыққа, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа

					тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Серуен № 1 **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау** *Мақсаты:* Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ; Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды. Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі	Серуен № 2 **Күздің алғашқы белгілерін бақылау** *Мақсаты:* Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға	Серуен № 3 **Қайың ағашын бақылау** *Мақсаты:* Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру; Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету **Зерттеу жұмысы:** Қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу. **Еңбек:** Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау *Мақсаты:* Үлкендерге көмектесу, келесі	Серуен № 4 **Өрмекшіні бақылау** Мақсаты: Өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; аайнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. **Зерттеу жұмысы**: Өрмекші торын тауып, қарау. **Еңбек:** «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа,	Серуен № 5 **Күн — жылу мен жарық көзі** *Мақсаты:* Күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; Ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; Табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. **Зерттеу жұмысы**: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу.

	жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. *Мақсаты:* — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Бәйге». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын қалыптастыру *Мақсаты:* сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.	асығады. Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: — орындалған нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. **Жаттығу ойындары:** Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру	көктемге гүл дәндерін әзірлеу. **Қимылды ойын:** «Допты ұста» Қағып алуға және келесіге беруге үйрету. Жаттығу ойындары: Мақсаты: Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету	әсемдікке тәрбиелеу **Қ/О**: «Үнсіз өт» Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары**: Қимылдарын дамыту Мақсаты: Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау.	Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. **Еңбек:** Алаңды тазалауға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. **Қ/О:** «Өрт сөндірушілер жаттығуда» Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** «Шеңберге түсір» Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				

Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру7 Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Түскі ұйқы	**«Шалқан»** Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	**«Бауырсақ»** ертегісін айту . Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Бесік жыры»	**«Мысық, әтеш және түлкі»** ертегісін айту	**«Торғай мен тышқан»** ертегісін айту.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: №3				
Бесін ас	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызуҰқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті ойыны:** «Менің балабақшам» Мақсаты: үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.	**Менің ойыншықтарым** Мақсаты: Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.	**«Табиғатты сүйеміз, әрі қорғай білеміз»** «Балабақша ауласындағы серуен » д/о: «Ағаштар» Мақсаты: Балалардың ашық алаңдағы серуендеу арқылы табиғаттың тамаша құбылыстарын бақылау.	**«Күзгі жапырақтар»** Мақсаты**:** Түрлі – түсті жапырақтарды жинау	**« Менің балабақшам»** Мақсаты: Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Диагностика	Диагностика	Диагностика	Диагностика	Диагностика
Серуенге дайындық	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау				

Серуен	Серуен № 1	Серуен № 2	Серуен № 3	Серуен № 4	Серуен № 5
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Үстел үсті ойындары.** «Мазайка» Мақсаты : балалардың саусақ моторикасын дамыту.	**Аз қимылды ойын:** «Аңдар биі» Мақсаты: музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;	**Дидактикалық ойын** «Үлкен кіші сәбіздер» Мақсаты: фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыруға, заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға үйрету.	**Дидактикалық ойын** «Бөлігін тап » **Мақсаты:** ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға үйрету.	**Құрылыс материалдарымен ойын**: «Қуыршаққа үй құрастырамыз» Мақсаты: құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен үй құрастыруға үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	«Жаңа оқу жылының негізгі бағыттары» ата – аналармен кеңестер жүргізу				

Тексерілді: 

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09 - 29.09.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі** **Күні: 25.09**	**Сейсенбі** **Күні: 26.09**	**Сәрсенбі** **Күні: 27.09**	**Бейсенбі** **Күні: 28.09**	**Жұма** **Күні: 29.09**
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балабақша туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Дананы тамақтандырамыз " дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақтану рәсіміне баулу; педагог арқылы ойыншықпен қатынасу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөлене білу қабілеттерін дамыту. Шарты:	**"Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің соңынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: күннің суреті немесе нақ пішіні. Күн ойынына ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлттар келсе қап- тап	**"Ойыншықтар".** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік беру, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атау, қимылдарды қайталауды үйрету. Ойыншық арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және еске сақтау қабілеті мен тілін дамыту.	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі-берлі қозғалды,	**«Күн мен жаңбыр» қимылды ойыны** *Мақсаты:* Балаларды берілген белгі бойынша шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зейінін аударуға және ұйымшыл болуға үйрету, олардың есту қабілетін дамыту. Ойынды 3-4 рет қайталау.

	қуыршақтың алдына келіп "Дана, тәттіні жеші" сөздерін айту, қасықпен тамақтандыру қимылдарын жасау. Құралдар: ойыншық үстелі, орындық, ыдыстар, қуыршақ	(жұдырықты кеуде алдында өзара айналдыру), Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталату).	"Пирамида жинайық" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Өз орнында бір ойыншықпен қызықты ойын ойнауды үйрету.	Тырсылдатты жан-жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез	
Ертеңгілік жаттығу	**№4 Таңғы жаттығу кешені.**				
Таңғы ас	Ас атымен таныстыру. Үстелде дұрыс отыру мәдениетін айту. Мәдениетті тамақтануға баулу. «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тындаймын»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Өлеңді жаттау: Балабақша есігін, Екіге тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: «Үлкен шеңбер құрайық» 1. Педагогтің артынан шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. 2 .Негізгі қимылдар Шаттық шеңбері арқылы үлкен шеңбер құру. Қимылды ойын. «Шар болып үрілу» Мақсаты: Балалар шеңберге тұра	**Дидактикалық ойын** «Пішіннің түстерін атау» Міндеттері: Ойындар арқылы заттардың түстері мен геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтап, пішіндерді бір - бірінен ажыратып атай білуге үйрету, қиял болжамдарын дамытып, қабілеттерін шыңдау. Қарапайым математикалық	**Дене шынықтыру.** Тақырыбы: «Кім әдемі жүреді» 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын. «Ұйқыдағы аю » Мақсаты: Балалар қимылды	**Дене шынықтыру** Тақырыбы «Аңдар бізде қонақта» 1. Педагогтің артынан жұптасып қол ұстасып жүру. 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын. «Қасқыр мен қоян» Мақсаты: Балалар қасқырдан қашып тез жүгіре алады. Тыныс алу жаттығулары	**Музыка** «Қуыршақ» әні Қимылды ойын «Өз қуыршағыңа жет»

	алады Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге жануарлардың қимылын жасай алады.	ұғымдарын бекіту. Ойлау қабілетін, көріп тану, зейінін, есте сақтау қабілеттерін ойын арқылы дамыту.	қайталай алады. Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге аю қимылдарын қайталай алады.	Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге жануарлардың қимылын жасай алады	
Серуенге дайындық	Сереуенге бір қатармен шығу. Сырт киімдерін кигізіп серуенге шығару. Серуенге шыққанда өздерін тәртіпті ұстауларын түсіндіру.				
Серуен	Серуен № 6 **Аула тазалаушы еңбегін бақылау** *Мақсаты:* — күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, — аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу **Зерттеу жұмысы:** Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды. **Еңбек:** Аула	Серуен № 7 **Саңырауқұлақтарды бақылау** *Мақсаты:* саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту **Еңбек:** Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу *Мақсаты:* еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу **Қ/О:** «Допты басқарушыға бер». *Мақсаты*: допты екі қолмен қағып алу	Серуен № 8 **Арнайы көліктерді бақылау** *Мақсаты:* — Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; — Сөздік қорларын молайту. **Еңбек.** Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау *Мақсаты:*Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.	Серуен № 9 **Гүл егілген клумбаны бақылау** *Мақсаты:* — өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау; — кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу; — Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция)таныстыру **Зерттеу қызметі:** Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.	Серуен № 10 **Ағаштарды бақылау** *Мақсаты:* — күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру; — қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету; — ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры); туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу. **Д/О.**«Аталған

	тазалаушыға көмектесу **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **Қ/О:** «Қармақ» Мақсаты:ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу*:* **Жаттығу ойындары:** Жүкіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту	және лақтыруға жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту. *Мақсаты:* қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру.	**Қ/О:** «Аюлар мен аралар», «Допты бер». *Мақсаты:* — гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу; — допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** Секіргіш жіппен секіру жаттығулары. *Мақсаты;* алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.	**Д/О:** «Суреттеу бойынша тауып ал» **Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу. Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру. **Қ/О:** «Мені ата». *Мақсаты:* ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту. «Қояндар мен түлкі». *Мақсаты:* тез жүкіру дағдыларын дамыту **Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру *Мақсаты:* жылдамдықтары менептіліктерін дамыту	ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай үш!». *Мақсаты*: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау) **Қ/О:** «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту *Мақсаты*: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру ***Тыйым сөздер:*** Ағашты кеспе Ағаш бұтағын сындырма Ағаш жапыраған жұлма
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы. Киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың реттілікпен киімдерін шешу.				
Түскі ас	Тамақ ішу мәдениетін қалыптастыру. Құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау . Тамақ ішер кезде біз				

	Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмейміз.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **«Бауырсақ»** ертегісін айту . Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: №4				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару.Тамақтан соң ауыздарын, қолдарын жууын қадағалау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті театры: Мақсаты: «Менің достарым тақырыбы бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	**Дидактикалық ойын:** «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: Ойыншықтармен ойнау барысында балалар салыстыруды үйренеді. Заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын біледі.	**«Өз жұбыңды изде!»** қимылды ойыны Мақсаты: Қимылептілігін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. Ойынды 3-4 рет қайталау.	**«Жапырақ жинау»** қимылды ойыны Мақсаты: Балаларға асық атуға, дұрыс сөйлеуге, дұрыс ойнауға үйрету. Ептілікке баули отырып, түстерді ажырата алуға, үйрету. Ойынды 3-4 рет қайталау.	**«Ұзындыққа секір»** қимылды ойыны. Мақсаты: Жылдамдыққа,ептілікке үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Диагностика	Диагностика	Диагностика	Диагностика	Диагностика
Серуенге дайындық	Киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау				
Серуен	Күндізгі серуенді толықтыру				
Серуеннен оралу	Серуеннен жүгірмей жай жүре топқа оралу.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	***«Тоғанда балықтар жүзеді»*** қимылды ойыны ***Ережесі:*** Балалар әуенмен балықтардың қимылын салып жүреді. Белгі берілгенде «*балықтар*» сол қимылда тоқтап қалады. Байқаусызда қозғалып қойған «*балық*» ойыннан (судан) шығады.. ***Мақсаты:*** Елестету арқылы баланы өз бетінше бейнелей алуға үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет».

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10 - 06.10.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі 02.10	Сейсенбі 03.10	Сәрсенбі 04.10	Бейсенбі 05.10	Жұма 06.10
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету.	Балаларды көтеріңкі көңіл - күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Музыка тыңдау шаттану. Дидактикалық ойын: «Бұл не?» (Танымдық дағдылар)	Фотосуреттер қарастыру «Менің досым» (Коммуникативтік дағдылар.)	Дидактикалық ойын: «Дәл сондай пішінді тап». (Танымдық дағдылар)	Саусақ ойыны «Сәбіз». (Танымдық дағдылар)	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті» Құрастыру әрекеті
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Көкөністер мен жемістер» Мақсаты:Балалар көкөніс пен жемістердің суреттерін бояйды ,жапырақтарын желімнің көмегімен жапсырады.. (сурет салу+ жапсыру)	«Бір үйде біз нешеуміз?» Мақсаты: Тақпақты қайталап айта алады (сенсорика)	«Тәтті алма» балалар алманың бейнесін педагог көмегімен мүсіндейді. (мүсіндеу)	«Теңін тап» Мақсаты:Балалар ойыншықтарды топтастыра алады.(сенсорика)	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндердікөружәнесипапсезуарқылызерттеуді дамыту.(Математика негіздері)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: «Аңдардың жүрісін салайық» 1. Педагогтің артынан шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. 2 .Негізгі қимылдар Шаттық шеңбері арқылы үлкен шеңбер құру.	**Дидактикалық ойын:** «Балабақша ауласындағы жапырақтар» Міндеттері: Балаларға жапырақтардың дайын суретін бояту.	**Дене шынықтыру**. Тақырыбы: «Кім әдемі жүреді» 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы «Аңдар бізде қонақта» 1. Педагогтің артынан жұптасып қол ұстасып жүру. 2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру	**Музыка** «Менің мысығым» **Міндеттері:** Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге

	Қимылды ойын. «Шар болып үрілу» Міндеті: Балалар шеңберге тұра алады Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: балалар бағытты өзгерте отырып аңдардың жүрісін сала алады.	Сергіту сәті Көп отырып шаршадық Қозғалуды аңсадық Жүгіргіміз келеді Әдемілеп ән салып. «Сиқырлы жапырақтар» Балаларға дайын пішіндегі жапырақтарды ақ қағазға жапсырту. (физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	«Ұйқыдағы аю » Міндеті: Балалар қимылды қайталай алады. Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге аю қимылдарын қайталай алады.	Қимылды ойын. «Қасқыр мен қоян» Міндеті: Балалар қасқырдан қашып тез жүгіре алады. Тыныс алу жаттығулары Күтілетін нәтиже: Балалар педогогпен бірге жануарлардың қимылын жасай алады. .	дағдыландыру. **Ән айту**: «Мысық» әні **Қимылды ойын:** «Мысық пен торғайлар» **Ырғақтық қимыл:** «Мысықтар биі»
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	**Дене шынықтыру** «Еденде жатқан арқан үстімен жүру». Міндеттері: Балаларды еденде жатқан арқан үстімен жүруге үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар: Доптар, себеттер, арқан, түсті шашақтар. Қимылды ойын: «Кімнің шары алысқа ұшады?» Мақсаты: Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру.	**Дидактикалық ойын:** «Көкөністерді түсіне қарай орналастыр» Міндеттері: Балалар түстеріне сәйкес көкөністер мен жемістерді түстері сәйкес келетін тәрелкеге орналастырады. Бұл ойын түсті ажыратуға, шұғыл қимылдауға, жылдам ойлауға, ептілікпен қимылдауға үйретеді .	**Дене шынықтыру** «Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіру». Міндеттері: Балаларға ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіруді үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Секіре білу қабілеттерін дамыту. Керекті құралдар: Ойыншықтар, шарлар, арқан, түсті шашақтар. Қимылды ойын: «Шарларды жина» Ойын мақсаты: балалардың шарлардың түсін, формасын айыра білуге үйрету.	**Дене шынықтыру** «Ирелеңдеген (қайталамалы) жолмен жүру». Міндеттері: Балаларға ирелеңдеген жолмен жүруді үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Керекті құралдар:** Әр түсті шарлар, түсті шашақтар. Қимылды ойын: «Алманы жұл» Ойын мақсаты**:** балаларды секіруге үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші алма ағашы болып тұрады, оның екі қолында алма немесе шар ұстап тұрады. Қолдарын баланың басына дейін созу-бұл желден қозғалған бұтақтар.	**Музыка** Тақырыбы: «Менім отбасым» Міндеттері: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді ажыратуға, сезінуге баулу. Ән айту: «Топ-топ балапан» Қимылды ойын: «» Ырғақтық қимыл: «Топ-топ балапан»биі

				Балаға алманы үзіп алуын ұсынады	
Серуенге дайындық	Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)				
Серуен	Серуен №6 Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Балалармен әңгімелесу:. Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды?	Серуен №7 Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта! ♦ Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу	Серуен №8 Итті бақылау Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар. Иттің тұратын орны қалай аталады? Иттің сүйікті тамағы не? Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер? Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттер	Серуен №9 Суды бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай –күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға сұрақтар. Судың көлемі (қалпы) болама? Суды аязға шығарса не болады? Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Еңбек: Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту.	Серуен №1 Торғайларды бақылау Мақсаты: торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.) Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген) Ал басының түсі қандай? (Сұр) Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және

	(қыстап қалатын құстар) Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер) Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді) Еңбек Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру Қ/О: «Бір, екі, үш-жүкір!» Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу. Жаттығу ойындары «Шығыршыққа түсір». Мақсаты: Белгі бойынша әрекет	керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. Еңбек Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. . Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу. Қ/О: «Бағдаршам». Мақсаты: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.	ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар! Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару. Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;	Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Еңбектеу. Мақсаты: Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту; Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.	ауылда.) Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.) Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек) Күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды) Еңбек Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру. Мақсаты: Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Құстардың ұшуы». Мақсаты: белгі

	ету дағдысын жаттықтыру; Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру.				бойынша қимыл жасауға үйрету. Жаттығу ойындары: «Жалауды құлатпа» Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру
Серуеннен оралу	Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. (сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті – коммуникативті, еңбек қызметі).				
Түскі ас	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз». Астың құрамында дәрумендер көп, тауысып жесек деніміз сау болады. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	«Шалқан» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)	«Бесік жырын» тындату (музыка)	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)	Ұйқыға арналған әуен аудио ертегі (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: № 7				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын. «Көкөністер» Мақсаты: Балалар қиынды суреттерден көкөністердің суреттерін	«Менің сүйікті жемісім» Мақсаты ;Балалар алманың суретін бояп ,дайын жапырақтарын жапсырады.	«Аспазшы» Мақсаты:Балалар ас үйге керекті құралдарды айырып қасықтың суретін бояп,ас үй бөліміне апарып жапсырады	«Ауа көліктері» Мақсаты: Балалар ауа көліктерінің суреттерін кітаптардан тамашалайды.	Дидактикалық ойын. Мақсаты: Балалар қиынды суреттерден көкөністердің суреттерін құрастырады.

	құрастырады.				
Балалармен жеке жұмыс	Еденде жатқан арқан үстімен жүруге үйрету. Кәусар Алихан	жылдам ойлауға, ептілікпен қимылдауға үйретеді . **Медина Давид**	Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіруді үйрету. Рухия Мухаммед	иреленделеген жолмен жүруді үйрету. Исмаил Марғұлан	бағдаршам көздерін үлгіге сай бояй алады Айсұлтан Аружан
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Серуен №6	Серуен №7	Серуен №8	Серуен №9	Серуен №1
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Бауырсақты көлемін ажырату ойыны. Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау.	Ертегі кейіпкерлерінің түстерін атау. Бауырсаққа үй құрастыру құратырмалы ойынышықтардан.	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау.	Үш торай және бауырсақ ертегілерін тыңдау дағдыларын пысықтау.	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі тыңдау дағдысын қалыптастыру. Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлерін сипаттау.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі 20.11.**	**Сейсенбі 21.11.**	**Сәрсенбі 22.11.**	**Бейсенбі 23.11**	**Жұма 24.11.**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгімелесу. Кеңес : Балаларды ауа райына байланысты жылы киіндіру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Көкөністер дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көкөністер, көкөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.	Пазлды жинау. "Қарбыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету	«Еңбекке баулу» Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау.	«Біреу-көп» Міндеті: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз) Тамақтану (өзорнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,				

	тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жалаушалар» Міндеті: Балалар суреттеріне қарап түрлі түсті жалаушаларды бояйды, атай алады. (қоршаған орта)	«Біз бақытты баламыз» Балалар ән салады (музыка)	«Жабайы аңдар» Міндеті: Балалар суреттеріне қарап аңдарды атай алады. (сурет салу+ қоршаған орта)	«Үй жануарлары» өлеңі. Міндеті: Балалар «Үй жануарларын суреттерге қарап ажырата алады. (көркем әдебиет + қоршаған орта)	«Бір екі үш бойға жинап күш» жаттығу жасау (сенсорика)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	**Дене шынықтыру** «Түзу бағытта (биіктігі 10-15 см) заттарды аттап өту.» Міндеттері: Балаларды түзу бағытта қойылған заттардан аттап өтуге үйрету. Іс – ірекет қабілеттілігін арттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Ойнау, ойлау қабілеттерін дамыту. Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Міндеті: Қимыл қозғалысқа білеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.	**Дидактикалық ойын:** «Ағаштағы алмалар» Міндеттері: Ермексазды алақан арасына салып айналдыра домалақтау арқылы мүсіндей білуге үйрету; тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Алма ағашының суреті, түрлі түсті ермексаз кесектері, қағаздан және матадан жасалған сүрткіштер, дастарқандар, үлестірмелі материалдар.	**Дене шынықтыру** «Допты жоғары лақтыру». Міндеттері: Балаларға допты жоғары лақтыруға үйрету. Іс – ірекет қабілеттілігін арттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Ойнау, ойлау қабілеттерін дамыту. Қимылды ойын: «Кеглиді көзде» Міндеті: Балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету. Ойынның шарты: Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглиларды қолдарындағы	**Дене шынықтыру** «Жерде жатқан арқан үстімен түзу жүру». Міндеттері: Балаларға арқан үстімен жүруге үйрету. Іс – ірекет қабілеттілігін арттыру. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысуға тәрбиелеу. Ойнау, ойлау қабілеттерін дамыту. Қимылды ойын: «Кішкене өзен арқылы». Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне	**Музыка** Тақырыбы: «Жемістер бағында» Міндеттері: музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету. Ән айту: «Күзгі әуен» Ойын: «Қандай жеміс жетпейді?» Ырғақтық қимыл: «Көкөністер биі»

			доппен көздеп құлату керек.	тақтайдан көпір салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді:	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.				
Серуен	**Серуен № 2** Көгершіндерді (кептерлер) бақылау *Міндеттері:* — Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; ♦ Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды ♦ Зерттеу қызметі Кептер мен торғайды салыстыру Еңбек: Балабақша аумағына жем салғыш ілу *Міндеттері: еңбек*	**Серуен № 3** Емен ағашын бақылау *Міндеті: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру, ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.* ♦ Емендер көбіне қайда өседі? *(орманда.)* ♦ Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? *(күз айларында.)* Зерттеу жұмысы Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру Міндеті: ағаш жапырақтарының түстерінің	**Серуен № 4** Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау *Міндеті:* — Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы) — Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды). Еңбек: Ауладағы қоқыстарды жинау. *Міндеті: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .* Қ/О:«Бәйге»	**Серуен № 5** **Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау** *Міндеті: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру* (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары). Балаларға сұрақтар: Біздің аулада қандай ағаштар өседі? *(қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)* Еңбек: Ойын алаңын тазалау. *Міндеттері: жұмысты*	**Серуен №6** Торғайларды бақылау *Міндеті:* — Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. ♦ Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер) ♦ Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) Еңбек Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау

	әрекетін орындауға үйрету. Қимылды ойын: «Ұшады, секіреді, жүзеді». *Міндеті:* —балаларды жүгіруге үйрету; — құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат». *Міндеті:* — Допты нысанаға лақтыру; — Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.	әртүрлілігін аңғарту Еңбек Жерге түскен ағаш жапырақтарын жинау *Міндеті:* ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Қ/О**:** «Аққу-қаздар». *Міндеті: берілген тапсырма бойынша жүгіруге жаттықтыру* Жаттығу ойындары: Бір аяқпен секіру. *Міндеті: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру*	*Міндеттері:* — Бір-біріне соқтықпай жүгіруге жаттықтыру ; — Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу. Жаттығу ойындары: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. *Міндеттері: Төбешікке жүгіріп шығу, жүгіріп түсу*	*өзара бөлісіп атқаруға үйрету.* Қ/О: «Жұбыңды қуып жет». *Міндеті: кедергіден өтіп жүгіруге жаттықтыру* Жаттығу ойындары: Орнында тұрып ұзындыққа секіру *Міндеті:* — Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру	*Міндеті: бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру* Қ/О: «Бір, екі, үш-жүгір!» *Міндеті: тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке баулу.* Жаттығу ойындары «Шығыршыққа түсір». *Мақсаты:* — Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; — Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Түскі ас	"Біз қалай тамақтанамыз?" ойын жағдаяты. Дастарқан басында тыныштық сақтау, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың жалпақ жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануды үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі Көркем әдебиет	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі Көркем әдебиет	«Сандар» әнін тыңдату. Математика негіздері
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: № 8				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және	"Көкөністер" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көкөністерді	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Балапан". Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншық	Сенсорикадан ойын жаттығу "Үлкен және кішкентай үйшіктер". Мақсат-міндеттері.	Қоршаған ортамен танысудан ойын жаттығу "Жемістер мен көгөністер".	«Күзгі жапырақтар» Міндеті: Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру.

басқалар)	айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді дамыту, есте сақтауға баулу	балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой өрісін кеңейту.	Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету;	Мақсат-міндеттері. Балаларды жеміс және көкөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру.	Күзде жапырақтардың неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру.
Балалармен жеке жұмыс	түзу бағытта қойылған заттардан аттап өтуге үйрету. Медина Медина	Ермексазды алақан арасына салып айналдыра домалақтауға үйрету; Сабина Али.	допты жоғары лақтыруға үйрету Айсұлтан Інжу	арқан үстімен жүруге үйрету Аяна Айкөркем.	пішіндермен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету Ерсұлтан Бибатыр,
Серуенге дайындық	Қауіпсіздік ережелері жайында жеке және жалпы әңгімелесу. (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсат-міндеттері. Балаларды серуенге шығуға ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің жүйе бойынша киюлерін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	**Серуен № 2**	**Серуен № 3**	**Серуен № 4**	**Серуен № 5**	**Серуен № 6**
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі. Сөйлеуді дамыту				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.	«Нан қайдан келеді?» Міндеті: Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру	«Өз үйін тап» ойыны Міндеті: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. Математика негіздері	«Күзгі жапырақтар» Міндеті: Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру. Күзде жапырақтардың	«Менің досым» Міндеті: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту

	(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту)			неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру.	
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?				

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 - 01.12.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі 27.11.**	**Сейсенбі 28.11.**	**Сәрсенбі 29.11.**	**Бейсенбі 30.11.**	**Жұма 01.12.**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны «Саңырауқұлақтар орнында» Міндеті: балалармен негізгі түстерді бекіту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	«Кім солай сөйлейді?» Міндеті: жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарын еліктеуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Сюжетті-рөлдік ойын «Тігінші» (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Жаңбырдан жасырынамыз» Міндеті: Балалардың заттарды формада топтастыру қабілетін дамыту. (Сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)	«Саусақ жаттығуы» Еріншектер: Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Ортан терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір.
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Гигиеналықшаралар: Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: өздігінен жуыну, тамақтану алдында, дәретхананы пайдаланғаннан кейін қолды сабынмен жуу.				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Саусақ ойыны: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Саусақ ойыны: «Достық» Қыздар менен ұлдар, Дос қой біздің топта. Ұсынса біреу қолын, Ешқашан бас тартпа. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Саусақ ойыны: «Біздің гүлдер» Біздің күлтелер ашылады, (бір - бірімен қосылған саусақтар ашылады) Баяу жел үрледі (саусақтарды оң және сол жаққа еңкейтеміз) Әдемі гүлдің күлтелері жабылады, (саусақтарды бастапқы қалпына жабамыз) Бастарын қозғалтады, тәтті ұйқыға кетеді. (алға – артқа, оңға – солға қозғалтады) (бұл ойынды бірнеше рет ойнатады) (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Саусақ ойыны: «Біз бесеуміз» Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық бәріміз. Бас бармағым – атам, Балан үйрек – әжем. Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам. Кішкентай бөбек – мен, Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз! (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Саусақ ойыны: «Екі қырықаяқ» Екі қол саусақтары бір-бірімен түйіседі. Жолмен жүгірді. Жүгірді, жүгірді. Бір-бірімен кезікті Екі алақанды қосады. Құшақтасқандары соншалық Сұқсаусақтарды айқастырады. Құшақтасқандары соншалық Ортаңғы саусақтарды айқастырады. Алақандарды айқастырады. Екеуін күштеп ажыраттық. Қолдарды жібереді. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс	**Дене шынықтыру** 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру	**Дидактикалық ойын:** «Қуыршақты тамақтандыру»	**Дене шынықтыру** 1. Педагогтің артынан шеңбер бойымен қол	**Дидактикалық ойын:** «Көлеңкесін тап» Міндеттері**:**	**Музыка** «Доп» әні Қимылды ойын «Допқа кім тез жетеді»

– әрекет	2 .Негізгі қимылдар Баяу қарқында жүру және жүгіру Қимылды ойын: «Поезд» «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар».	Міндеті: Балалардың үйде балабақшада тамақтану туралы білімдерін кеңейту, таныс сөздерді айтқызу (тамақ ішеміз, сорпа, көже, шәй, т.б.). Рахмет сөздерін айтуға үйрету. Тамақтың атын атауға, олардың пайдасы туралы білімдерін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	ұстасып жүру. 2 .Негізгі қимылдар Шаттық шеңбері арқылы үлкен шеңбер құру. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» қарайды.	Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Ойынға деген қызығушылығын арттыру. (физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	Міндеттері: Балалардың денелерін шынықтыру, тез қимыл әрекеттерін істей алуға, зерек ойлануға үйрету. Балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, ептілікке, төзімділікке, достыққа, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Міндеті: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету.				
Серуен	Серуен №7 Жаяу адамдарды бақылау Міндеті: Жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау. Жаяу жүргінші	Серуен №8 Итті бақылау Міндеті: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру Бақылау барысы Иттің тұратын орны қалай аталады? Иттің сүйікті тамағы	Серуен №9 Суды бақылау Міндеті: Күз мезгіліндегі судың жай –күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға сұрақтар. Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су түссіз,	Серуен №1 Торғайларды бақылау Міндеті: торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада	Серуен №1 Маусымдық өзгерістерді бақылау Міндеті: Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру Бақылау барысы: Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз

	жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. Еңбек Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне жинау. . Міндеті: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу. Қ/О: «Бағдаршам». Мақсаты: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. Міндеті: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.	не? Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару. Міндеті. Бірлесе жұмыс істеу Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». Міндеті: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Міндеті: Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;	дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Еңбек: Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. Міндеті: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Қ/О: «Қасқыр қақпан» Міндеті: Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Еңбектеу. Міндеті: Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту; Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.	торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.) Күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды) Еңбек Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру. Міндеті: Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Құстардың ұшуы». Міндеті: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. Жаттығу ойындары: «Жалауды құлатпа» Міндеті: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру	болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады. Еңбек Ағаштар түбін қармен көму.. Міндеті: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу. Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау Міндеті: затты лақтыру дағдыларын бекіту. Бір аяқпен секіру. Міндеті: тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Міндеті: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету.
Серуеннен оралу	Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбардышешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз.				

	- Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз.(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)				
Түскі ас	Гигиеналық шаралар: Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу»				
Түскі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Жәй музыка қою.	«Шалқан» ертегісін оқып беру (көркем әбебиет)	Ұйқыға арналған әуен аудио ертегі(музыка)	«Бауырсақ»ертегісін оқып беру (көркем әдебиет)	«Бесік жырын» тыңдату (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: № 9				
Бесін ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Әдемі кілемшелер Міндеті: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	«Көжекті жасыр» Міндеті: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.	Түрлі түсті жолақшалар. Міндеті: Балаларды ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету.	Танып ал да, атын ата Міндеті: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	«Не қалай дыбыстайды?» Міндеті: Кейіпкерлерді (ит, мысық, тышқан, әтеш) көрсетіп, дыбысын салуға үйрету. Қуанышты көңіл-күй сыйлау.
Балалармен жеке жұмыс	Баяу қарқында жүру және жүгіруге үйрету Кәусар Алихан	таныс сөздерді айтқызу Медина Давид	шеңбер бойымен қол ұстасып жүру Рухия Мухаммед	Баяу қарқында жүру және жүгіру **Исмаил Марғұлан**	пішіндер туралы түсініктерін кеңейту Айсұлтан Аружан

Серуенге дайындық	Балалар дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге қажетті ойыншықтарды дайындау. Табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.				
Серуен	Серуен №7	Серуен №8	Серуен №9	Серуен №1	Серуен №1
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын. «Менің асханам» Міндеті: Балалар дайын нан пісіретін пештің суретін құрастырып дайын пештің бөлшектерін бір-біріне жапсырады. (құрастыру+ жапсыру)	Дидактикалық ойын. Міндеті: Балалар ермексаздан даладағы егістіктіктегі бидайдың бинесін мүсіндейді . (мүсіндеу+ қоршаған орта)	Қимылды ойын: «Қаздар мен мысықтар» Міндеті :Балалар ойынның мағынасын түсініп,әуен қосылғанда жүгіріп әуен аяқталғанда тоқтайды. (дене шынықтыру+ музыка)	«Аспазшы» Міндеті: Балалар ас үйге керекті құралдарды айырып қасықтың суретін бояп, ас үй бөліміне апарып жапсырады (қоршаған орта+жапсыру).,	«Мозайка» Міндеті: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады(құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12. - 08.12.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі 04.12.**	**Сейсенбі 05.12.**	**Сәрсенбі 06.12.**	**Бейсенбі 07.12.**	**Жұма 08.12.**
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру Балаларды ертеңгілік жаттығуға кешіктірмей алып келулерін ескерту				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Бұл не зат?» Міндеті: затты атап, сипаттап үйрету.	«Ғажайып дорба» Міндеті: Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап сипап көру арқылы қалыптастыру	Әдемі кілемшелер Міндеті: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу	«Аққаланы жина» Міндеті: ұсақ қол моториканы дамыту, әртүрлі заттармен әрекет етуге үйрету	«Шыршаны безендір» Міндеті: Заттың түсін ажырата білу, тәрбиеші сұрағын дұрыс түсіне білу. Геометриялық пішіндер жайлы түсініктерін кеңейту.
Ертеңгілік жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Үстел-үсті ойыны: «Құрастыр» Міндеті: конструкторларды	« Көңілді аңдар» музыкалық ойын жаттығу Міндеті: әуенді	«Қуыршақпен танысайық» Міндеті: балаларды дене бөліктерін	«Атын атап бер» Міндеті: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ	«Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Міндеті: Балаларға үй

	бірбіріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету	тыңдай отырып, аңдардың қимылын жасау.	көрсетіп атай білуге үйрету	моторикасын дамыту	жануарлары туралы түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс жасау. Адамгершілікке тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	**Дене шынықтыру** Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүру. Негізгі қимылдар Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Құрсаудан құрсауға аттап өту. Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкеюді үйрету. Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр» (физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	**Дидактикалық ойын** «Жақсы - жаман» Міндеттері: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. Әңгіме кейіпкерлерінің қылықтары мен мінез – құлқын талқылап, жақсы қылықтарын атап көрсету арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	**Дене шынықтыру** Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру Негізгі қимылдар арқаннан ұстап жүру бір-бірінен 10сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Ақ доп, қызыл доп» (физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	**Дене шынықтыру** Жалпы дамыту жаттығулары. Жай жүгіру Негізгі қимылдар Әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру. Доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр» (физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды дамыту)	**Музыка** Тақырыбы:«Аппақ қар» Міндеті: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Аппақ қар туралы түсінік беру. Ойын: «Қар жинау». Ән айту: «Аппақ қар» әні. Ырғақтық қимыл: «Топ-топ балапан»
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»				

Серуен	Серуен № 1 **Бақылау**: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау. Міндеті: Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру **Еңбек:** Ағаштар түбін қармен көму. *Міндеті: Тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу* **Жеке жұмыс:** Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады **Қимылды ойын:** Қар лақтырып ойнау *Міндеті:* затты лақтыру дағдыларын бекіту. Бір аяқпен секіру. *Міндеті: тепе-теңдікті сақтауға баулу.* **Өзіндік іс – әрекет:**	Серуен № 2 **Бақылау:** Бақшаны бақылау. Міндеті: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. **Еңбек:** қардан құрылыс тұрғызу *Міндеті: Қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;* достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Санамақтар айту. Жаттау, жаттату: Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар Ақ жамылып тұр ар **Қимылды ойын:** Шана тебу Міндеті: Бір – біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.	Серуен № 3 **Бақылау:** Қыстап қалған құстарды бақылау (қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін) Міндеті: Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру. **Еңбек:** Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. Міндеті*: Еңбекке деген ықыластарын арттыру.* **Жеке жұмыс:** Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі Қардан таулар Көлеңкесін көреді. **Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты». *Міндеті: аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу* **Өзіндік іс – әрекет:** Балаларды зейінді болуға үйрету	Серуен № 4 **Бақылау:** Қардың түсуін бақылау. Міндеті: Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу. **Еңбек: Өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.** *Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту.* **Жеке жұмыс:** екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру **Қимылды ойын:** Екі аяз» *Міндеті: жүгіруге жаттықтыру*; ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау **Өзіндік іс – әрекет:** Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі Міндеті: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа,	Серуен № 5 **№ 5 серуен картотекасы.** **Бақылау:** Терезеге салған аяз өрнегін бақылау. Міндеті: Терезедегі өрнек қыстың суық, аязды болғандығын білдіретінін түсіндіру. **Еңбек:** Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау. *Міндеті: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.* **Жеке жұмыс:** Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан) **Қимылды ойын:** «Ұшты – ұшты» Міндеті: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **Өзіндік іс – әрекет:** балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

	Аула сыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу	**Өзіндік іс – әрекет: Қимылдарын дамыту.** *Міндеті: Қарды алысқа лақтыруға үйрету*		тапқырлыққа баулу	
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу»				
Түскі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлди - әлди» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: № 10				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Құстар біздің досымыз» Міндеті: Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.	Үй жануарлары және олардың төлдері Міндеті: Ойын арқылы танымдық, ойлау қабілетін есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігіне арттыру арқылы үй жануарларына қамқорлық жасауға	«Биік-аласа» Міндеті: Балаларға заттың көлемін анықтайтын «биік - аласа ұғымын таныстыру»	«Нені қайда қоямыз?» Міндеті: Әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу	«Жалаушаны тап» Міндеті: Балаларды қимылдауға кеңістікті бағдарлауға,ептілікке үйрету.

		тәрбиелеу.			
Балалармен жеке жұмыс	қарқынды өзгерте отырып жүру **Медина Медина**	«жақсы» «жаман» сөздерін сурет арқылы ажырата білуге үйрету Сабина Али ,	тепе теңдік сақтап жүруге үйрету Айсұлтан Інжу	заттардың арасымен жүгіру Аяна Айкөркем	қар туралы ән айтқызу Ерсұлтан Бибатыр.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Серуен №1	Серуен №2	Серуен №3	Серуен №4	Серуен №5
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру (физикалық, коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік дағдыларды дамыту.)	**Қандай пішін жетіспейді? Міндеті:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.	«Аққаланы жина» Міндеті: ұсақ мотериканы дамыту, әртүрлі заттармен әрекет етуге үйрету	Бұл не зат? Міндеті: затты атап, сипаттап үйрету.	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Міндеті: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру. «Ауа-райына сәйкес киіну» туралы кеңес беру.				

Тексерілді:

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Шақпақ Ата» бөбекжай-бақшасы
Топ«Айгөлек» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12. - 15.12.2023ж.

Апта күндері	**Дүйсенбі 11.12.**	**Сейсенбі 12.12.**	**Сәрсенбі 13.12.**	**Бейсенбі 14.12.**	**Жұма 15.12.**
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл -күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Бұл кім?» Міндеті: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.(Танымдық дағдылар)	«Ойыншықты тап» Міндеті: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. (Сенсорика,танымдық дағдылар)	Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу. (Сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдылар)	«Сиқырлы қорапша» Міндеті: Ойыншықтарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру (Сенсорика, танымдық дағдылар)	«Ойыншықтар дүкені» Міндеті: балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру. (Қоршаған ортамен танысу,әлеуметтік дағдылар)
Ертеңгілік жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. (Сурет салу)	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу (Сөйлеуді дамыту)	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру (Сурет салу)	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды үйрету. (Мүсіндеу)	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін(ұсақтау,жырту,бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз)үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет	**Дене шынықтыру** Негізгі қимылдар: екі аяқпен секіру. Қойылған заттардың арасымен еңбектеу. Міндеті: секіру мен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйрету.	**Дидактикалық ойын** «Көлеңкесін тап» Міндеттері: Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық таныту, ойлау қабілетін дамыту.	**Дене шынықтыру** Қарқынды өзгертіп, жылдам, тоқтамай баяу қарқынмен жүгіру. Допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру Қимылды ойын: «Қол күрес» Міндеті: Қазақтың ұлттық ойын түрлерімен таныстыру. Ой-өрісін, дене бітіпін толық жетілуін дамыту Қазақ халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**Дене шынықтыру** Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта: «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Арқан тарту» Міндеті: Балалардың ептілігін , қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту.Төзімділікке, өзара достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.	**Музыка** Тақырыбы: «Ақ қоян» Міндетті: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Ойын: «Ақ қоянды тап». Ән айту«Ақ қоян» әні. Ырғақтық қимыл «Шапалақпен соқ-соқ»
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				

